

## **Инватакси қызметін алушылардың санаттарын кеңейту туралы**

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 17 қазандағы № 906/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 21 қазанда № 7605-14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 19-бабының 20-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы № 859 бұйрығымен бекітілген, Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларының 31 - тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8950 болып тіркелген) сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы аумағында инватакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

1) 7 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар, жүріп-тұруында айқын қиындықтары бар немесе мінез-құлқында өрескел бұзушылықтары бар, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар балалар;

2) мінез-құлқында өрескел бұзушылықтары бар аутистік спектрі бұзылған мүгедектігі бар балалар;

3) мамандандырылған ем алу кезеңінде қатерлі ісіктерден зардап шегетін мүгедектігі бар балалар.

2. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 6 маусымдағы "Инватакси қызметін алушылардың санаттарын кеңейту туралы" № 478/6 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*А. Бейсекин*